



«Сырбай өлеңдері дауылмен ойнаған жалын секілді екен»

Қасым Аманжолов

«Сырбайды ескі өлең көшінің соңы екен десем, жаңа өлең көшінің басы екен
ғой»

Ғабит Мүсірепов

«... Сырбайдың шырқ ұрып іздену, еңбектену жолындағы сәтті табысы болып саналатын «Ақ түн» атты өлеңі де сан алуан ассоциацияға толы... Ал ақын осы ақ түске байланысты, Ленинград қаласының өткені мен қазіргісіне байланысты айрықша құбылыстарды қопарып бейнелейді, сол арқылы ақ түні бар Ленин қаласының ақ түске, ақ іске бөленген символдық образын көз алдына тартады»

М. Қаратаев



«Ақынның ең жақсы жырлары туған жердің табиғатына арналады. Бірақ мұнда табиғатты сырттай қызықтау емес, автордың жан сүйіспеншілігіне бөленіп, суреткерлік талғамынан өткен, адамға ой салатын әлемін алай – дүлей етіп, «шатынап шарт сынған» көктем күні жауын ашылғаннан кейін «көз жасын ерлікпен төгіп алып, артынан жас балаша күліп тұрған» қалпында суреттеледі. Ол біресе табиғат елесін өз ойынан тапса, біресе өз ойының сәулесін табиғат тұңғиығынан табады»

Д.Әбілов

«Сырбай өлеңдерінде жосылып ақынның басынан кешкен өмір әсерлерінің іздері жатыр, оның неше саққа жүгіріп, құбылған көңіл – күйінің көріністері көзге елестейді. Осы мағынада оның кітабын «сыр сандығы» десе де, «күй сандығы» десе де болғандай. Олай дейтінім: ақынның өлеңдерінен – әрі сыр түйеміз, әрі күй естиміз. Сырбай сыры жеке басының субъективтік сезімімен қабат көпке ортақ объективтік қоғамдық сезімді түйген»

М.Қаратаев

«Азамат Сырбай, ақын Сырбай өмірінің беташары болған майдан жолдары, совет адамдарының ұлы ерліктері, сосын солардан туатын қорытындыдай боп бейбітшілік үшін күрес, жасампаз еңбек тақырыбы, бір адым жерден басталып, ұлан байтақ туған ел боп кететін Ұлы Отан тақырыбы жалғасады»

Жұбан Молдағалиев